

ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ ПЕДАГОГИКАСЫ – ХХІ ҒАСЫРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ОРТАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ РЕТІНДЕ



СРЕДОВАЯ ПЕДАГОГИКА КАК СОЦИАЛЬНАЯ НАУКА ХХІ ВЕКА И КОНЦЕПЦИЯ СРЕДЫ СОЦИАЛИЗАЦИИ

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОРТАСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

Айдналиева Н.А.,

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қазақстан

Annotation. *This article examines the formation etnopedagogicheskoy culture in the preparation of future teachers in higher education. Abstract This article examines the formation etnopedagogicheskoy culture in the preparation of future teachers in higher education.*

Аннотация. *В данной статье рассматривается формирование этнопедагогической культуры в процессе подготовки будущих учителей в высшем учебном заведении.*

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан тәуелсіздіктің үшінші онжылдығына батыл қадам басты. Біз бүгінде бәсекеге қабілетті, әлеуеті зор, экономикасы қуатты ел құрудамыз» – деген болатын. Елбасы 2050 жылға дейінгі жаңа саяси бағытын жасауды ұсына келе, оның ішінде 2030 Стратегиясының міндеттерін орындау жалғасын табатын болады. Уақыт пен жағдай 2030 бағдарламасы сияқты біздің жоспарларымызға түзетулерін енгізетінін нақты түйсінуіміз керек екенін атап өтті /1/. Өткен жылдардың «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға жауап беруі тиіс, елдегі жоғары оқу орындары әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылулары керек деп көрсетілген, яғни негізгі міндеттердің бірі болып елде әлемдік стандарт деңгейінде сапалы білім беру қойылған, өйткені әрбір мемлекеттің әл-ауқаты, оның болашақта әлемдегі дамуы мен мойындалуы халықтың білімділігіне, көбінесе, өсіп келе жатқан ұрпақтың білімділігіне негізделген.

Еліміздің көптеген жоғары оқу орындары аталған халықаралық талаптарға сәйкес өз міндеттерін орындауда.

Жоғары білім беру – бүгінгі кезде әлеуметтік және экономикалық прогрестің жетекші факторы ретінде қарастырылады. Ел егемендігін алып, демократия кең өрістей бастаған қоғамда әлемдік қауымдастыққа ұмтылып, бәсекелестік өмір сүрудің басты шартына айналған бүгінгі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығының оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды.

Қоғамда болып жатқан өзгерістерге сәйкес Қазақстандық білім беру жүйесінде де оң жаңалықтар болуда. Соның бір көрінісі – жоғары мектепте болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне бет бұру болып табылады.

Мұғалім мамандығы қоғамдық тәжірибені жас ұрпаққа беру және оларды өмірге, еңбек етуге даярлау қажеттілігі тәрбие мен оқуды өз алдына дербес қоғамдық қызметке айналдырады. Дей тұрғанмен, қазіргі кезде педагог кадрларға қоғамның қоятын талабымен олардың

дайындық деңгейімен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының арасындағы қайшылықтар кездесетіні көпке мәлім.

Қай кезде болмасын мұғалімдерді даярлау мәселесі педагогика ғылымы мен практикасында алдыңғы орында тұрған мәселе болып келеді. Мұндай маңызды да күрделі мәселелерді шешу үшін, адамзат мәдениеті мен тәрбие тағылымдарының үлгілі тәжірибелеріне сүйене отырып, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруды зерттеудің қажеттілігі туындайды. Осы тұрғыда қазақ этнопедагогикасы ғылымы мен болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге даярлаудың негізін жасағандар С. Қалиев, С. Ұзақбаева, К. Қожахметова, Қ. Жарықбаев, Ж. Наурызбай, М. Балтабаев, Ә. Табылдиев, Ж. Асанов, Қ. Бөлеев, И. Халитова, Р. Дүйсембинова, Т. Әлсатов, С. Ғаббасов, Р. Төлеубекова, т.б. педагог-ғалымдар өз үлестерін кеңінен қосты. Осы аталған ғалымдардың ұлттық тәрбие жайындағы еңбектері біраз көкейтесті мәселелерді алға тартады. Мәселен, республикамыздағы ұлттық тәрбиеміздің жай- күйі және болашақ мұғалімдер үшін этнопедагогиканың, яғни, ұлттық мәдениеттің маңызы зор екендігі кеңінен қарастырылған. Ұлттық мәдениет мәселелері ғылыми тұрғыдан кеңінен қарастырылғанымен, біздің тәжірибеміз бойынша болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениеті мәселесін ары қарай зерттей түсу қажет етілуде. Мұғалімнің жеке басының рухани келбеті, жоғары кәсіби сапалары, әлеуметтік белсенділігі этнопедагогикалық даярлығы дәрежесімен де ерекшеленеді деп есептейміз. Өйткені, мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы, оның адамгершілік тұлғасын, парасаттылығы мен азаматтық биіктігін шындайды. Оған дәлел, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыру мәселесі төмендегі ғалымдардың да еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Олар Г.Н. Волков, В.В. Борисов, А.В.Қайсарова, Т.Н. Кондратьева, Е.В. Кузнецова, В.Д. Лобашев, Н.А. Муштакова, М.Б. Насырова, Н.А. Лобанова, В.Н. Скворцова, С.Я. Ооржак, О.И. Пономарева, К.С. Садыков, Л.И. Северинова, Н.И. Синявский, С.Г. Тишулина, Е.В. Андриенко, В.Ю. Штыкарева. Осы авторлардың еңбектеріне көңіл аударсақ, жоғары оқу орнындағы болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастырудың мәселесін әр зерттеуші өз тақырыптары бойынша дәлелдеп, этнопедагогикалық мәдениет мәселесіне өз үлестерін қосады. Бұл еңбектерде болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін, мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, ұйымдастыру формаларын, сабақта және сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізу түрлерін қарастырып, тәрбие міндеттерін шешуге көңіл бөлінген. Бұл міндеттердің жүзеге асырылуы мектеп мұғалімдеріне жүктелгендіктен, болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын қазіргі қоғамның талабына сай, этнопедагогикалық мәдениетті мұғалімді қалыптастыру мәселесі туындайды. Мәселенің көкейкестілігі, болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруды теория жүзінде зерттеу және практикадағы маңыздылығы жоғары оқу орын оқытушыларына, мектеп мұғалімдеріне, ғылыми ізденушілерге, студенттерге арнап зерттеу қажеттілігін тудыруда. Бұл мәселені шешу, болашақ мұғалімдердің жоғары оқу орнында ұлттық тәрбие негізінде дайындау сапасын жақсартумен қатар метепте жұмыс істеп жүрген мұғалімдердің этнопедагогикалық шеберлігін арттыруға жағдай жасаумен байланысты. Сонымен қатар болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін тек теориялық білімін жетілдірумен шектелмей, олардың мәдени деңгейін, педагогикалық шеберлігін, іздемпаздығын көтеруге бағытталуы қажет. П.ғ.д., профессор Қалиев: «Бүгінгі егемендіктің бір үлкен жетістігі ұлт тілі мен ұлт мәдениетінің өркен жаюына бостандық берілуі. Өкінішке орай бостандықты баянды ету үшін көп кедергілерді жеңу қажет болып отыр. Бұл мәселеде еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» – деген еңбегінде «ұлттық мәдениетке; ана тіліне еркіндік беру, оны тәлім-тәрбие құралына айналдыру, тәрбие мәселесінде ұлттық ізгілік пен өркениетті әлемдік имандылық үрдісінің ортақ мүддесін жаппай сезіну және оны кіріктіре пайдалану арқылы іске асыру керек» делінген болған. Бұл тақырыпты зерттеудің маңыздылығы мектепте қызмет етіп жүрген педагогтардың этнопедагогикалық мәдениетінің төмендігі проблемасынан туындап отыр.»- деп жазды /2, 45/. Мәселен, жоғары оқу орны студенттерімен мұғалімнің этнопедагогикалық

мәдениеті жайында кеңес жүргізгенде өздерінің жалпы орта білім беретін мектеп қабырғасындағы оқу-тәрбие үрдісінде өздерінің ұстаздарын бақылағандарын және олардың этнопедагогикалық мәдениеттерінің теориямен сәйкес келмейтінін әңгімелеген студенттер аз кездеспейді. Мысалы қазақ мектептерінде қызмет етіп жүрген мұғалім мемлекеттік тілді сауатты меңгермегендіктің салдарынан алдарындағы оқушыларына ойын жеткізе алмаса, оқушыларының ата-аналарымен дұрыс тіл табыса алмаса, мұндай мұғалімнен этнопедагогикалық мәдениеті қандай? – деген сұрақ туындайды. Сонымен қатар соңғы кездері басқа ұлт өкілдері бірінші кезекте мемлекетімізге болса, екінші кезекте мұғалімдерімізге зор сенімен өз балаларын білім алуға қазақ мектептеріне беріп жүргендері біртіндеп кездесіп жүр. Осындай басқа ұлт өкілінің ұлттық ерекшеліктерін ескермей, өзінің тәрбиелік іс-әрекетінде қазақ балаларына қолданатын тәрбие әдістерімен өзге ұлт баласын тәрбиелейтін мұғалімдер де кездеседі. Жоғарыда аталған кемшіліктер әсіресе ертеректе оқу бітірген мұғалімдердің бойында көп байқалады. Этнопедагогикалық мәдениетті бойларына сіңіру олар үшін қиын болып келеді. Сондықтан ең алдымен болашақ мұғалімдерді ізгілікке тәрбиелеу ісі – этнопедагогиканың негізгі ұстамы. Этнопедагогикалық ұстамдарды оқу-тәрбие үрдісіне арқау етуді бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп қарауымыз керек. Аталған кемшіліктерді ескере отырып, соңғы кездері жоғары мектеп жоспары бойынша жүргізілетін педагогикалық практикаларының тапсырмасына міндетті түрде оқушылармен ұлттық тәрбие сағатын өткізу талап етілуде. Болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін теориялық тұрғыда жетілдіріп, дамытуда жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектері зор үлесін қосып отыр. Сонымен қатар этнопедагогикалық мәдениет туралы түсінікті талдап, әрі оның мәнін анықтап, мұғалім атқаратын міндеттеріне жол ашады. Осы орайда педагогика ғылымдарының докторы, профессор К.Ж. Қожахметова «Этнопедагогикалық мәдениет» ұғымы – өз халқының дәстүрлі тағылымдық мәдениетін сипаттайтын өлшемдерді меңгеріп, оның тәрбиелік маңызын құндылық деңгейінде қабылдап, заман талабындағы оқу мен тәрбие үрдісіне лайықты үйлестіре білген әлеуметтік – педагогикалық үлгі. «Этнопедагогикалық мәдениетті» біз «педагогикалық мәдениет» пен «мұғалімнің этикалық мәдениеті» деген ұғымдардың үйлесімі арқылы аша аламыз. Сондай-ақ, «Этнопедагогикалық мәдениетті» жаңа сапа деп қарастырар болсақ, бүгінгі заман сұранысына, педагогикалық талап пен іс-әрекетімен жауап береді. – деп жазады /3, 28/. Сондықтан, мұғалім атқаратын міндеттердің өзара байланысын, тұтастығын анықтап, ажырата білудің маңызы айрықша. Оны біз, Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, Н.Д. Хмель еңбектерінен көре аламыз. Аталған ғалымдардың ойларын біріктіре отара, мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениетін этнопедагогика курсымен ғана жетілдіру мүмкін емес екенін аңғаруға болады. Сондықтан бұл пәнді «педагогикалық мамандыққа кіріспе», «әлеуметтік педагогика» пәндерімен ұштастырған жөн деп есептейміз. Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеттілігі оның жоғары кәсіби педагогикалық деңгейін көрсетеді және жалпы мұғалімнің жеке басының мәдениеті этнопедагогикалық мәдениет арқылы дамитыны сөзсіз.

П.ғ.к. Қ. Бөлеевтің зерттеуінше: “Біздің жалпы білім беретін қазақ мектептерінің іс-тәжірибелерін зерттеуіміз мұғалімдер практикасында оқушыларға ұлттық тәрбие беру жайы төмен деңгейде екенін, өйткені олардың ол мәселе бойынша теориялық білімдері, практикалық іскерліктері мен дағдылары жетіспейтінін көрсетті” деп жазады.

Сондықтан да мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеті – оның мәртебесін анықтайтын өлшемдердің бірі деп есептеуге болады. Жақсы мұғалім ең алдымен жақсы адам болуы тиіс. Ары таза, байсалды да төзімді, кешірімді де, әділетті мұғалім әрқашанда басқалардан айрықша тұрады. Мұғалімнің этнопедагогикалық мәдениеттілігі оның жоғары кәсіби педагогикалық деңгейін көрсетеді. Педагогтың кәсіби-педагогикалық бағыттылығын сипаттайтын жеке тұлғасының қасиеттері-оның беделінің көрсеткіші болып табылады.

Болашақ мұғалімнің кәсіби білік дағдылары өз кезегінде оның жеке кәсіби педагогикалық мәдениетін көрсететін өлшем. Оған мұғалімнің жеке мәдени деңгейі, адамгершілігі, тәлім-тәрбиесі, іздемпаздығы, зерттеушілігі жатады.

Сондықтан болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық мәдениетін қалыптастыруды, олардың кәсіби даярлықтарының ажырамас бөлігі деп қарастыру қажет. Болашақ мұғалімдердің ұлттық мектепте жас ұрпаққа тәрбие беруде этнопедагогикалық даярлықсыз кәсіби шеберлігін жүзеге асыру мүмкін емес. Себебі, ол болашақ мұғалімдерден теориялық тұрғыда терең педагогикалық білімді меңгеруді талап етеді. Ұлттық мектептің даму сапасының көрсеткіші, ол мұғалімдердің кәсіби дайындықтарымен шындалады десек, мектеп алдында тұрған міндеттерді шешу үшін мұғалім өз пәнін терең білу ғана емес, сонымен қатар жоғаыры этнопедагогикалық мәдениетке ие болуы қажет. Бұл қазіргі кездегі мектеп қажеттіліктеріне, оның қалыптасқан проблемалары мен қайшылықтарына сәйкес келетін көзқарасы жаңа мұғалімді дайындау мәселесін тудырып отыр. Республикамызда мұғалім мамандардың этнопедагогикалық мәдениетін дамытуға сәйкес әрбір мәдениетті, білімді болашақ мұғалім өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыруға міндетті деп есептейміз. Өйткені, мұғалімнің кәсіптік құзырлық деңгейі де оның этнопедагогикалық мәдениетімен ұштасады. Сондықтан болашақ мұғалім жоғары мектеп ортасында этнопедагогикалық теорияны аса қызығушылықпен игеріп, түсініп өз тәжірибесіне енгізген жағдайда ғана этнопедагогикалық мәдениетті қалыптастыру мақсаты жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана: Ақорда, 2012.
- 2 Калиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. – А.: Білім, 2004.
- 3 Кожаметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
- 4 Бөлесев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Ғылым, 1998.

ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННЫЕ ЦЕННОСТИ КАК ОСНОВА ГУМАННОСТИ И КЛЮЧ К СОВЕРШЕНСТВОВАНИЮ ЧЕЛОВЕКА

Ахметов Т.А.,

Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан

Annotation. *The problems of the formation of spiritual and moral values in the younger generation and traces the relationship of religious and natural beginning of human existence.*

Аннотация. *В статье рассматриваются проблемы формирования духовно-нравственных ценностей у молодого поколения и прослеживается взаимосвязь религиозного начала и природного бытия человека.*

Начало XXI века для всего человечества становится периодом, который полон опасностей, страха и разногласия. Чтобы подчинить природу, западный дух жизнедеятельности, основанный на индивидуальных ценностях, необходимо, как за остов, держаться на национальных ценностях.

Цивилизация совершила глобальный скачок в освоении технологий, урбанизации и технологизации среды обитания человека. Сейчас весь глобальный мир человечества поделен на развитые, высокоразвитые, слабо развитые или страны третьего мира. Усложнение требований к благополучной создающей жизни конкретного человека, его материальной и духовной жизни требует качественного образования и воспитания. Отметим, что материальное богатство не станет основой для развития духовной жизни. Наоборот, это только материальное благополучие без духовности приведет к деградации человека как наивысшей ценности. Такая тенденция все более распространяется в мире. Существует такая сциентистская идея, обоснованная на развитии науки и появлении новых технологий, если человечество не повернется к своей природной сущности, абсолюте гуманных ценностей, не сделает